

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

“Шырақ” қысқаметражды мультфильмі

ЖАРИЯЛАНДЫ
27.11.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/146731/

Шырақ

«Шырақ»-отбасындағы қарым-қатынас пен рухани құндылықтарды насихаттайтын мультфильм. Негізгі идеясы- отбасындағы ата-ана мен балалардың бірге уақыт өткізуі, сүйіншілікпен, мейіріммен араласуы маңызды екенін жеткізу. Қазақ кино индустриясындағы ерекше форматта шыққан қысқаметражды мультфильм. 3D форматындағы анимация, жоғары сападағы кейіпкерлер бейнесі, бейненің атмосферасын толығымен жеткізетін әуен мен дыбыстар бұрын соңды мультсериалдарда болмаған өзгеше ерекшеліктерді алып келді. Мультфильмдегі “Шырақ” қараңғыда айналасын жарыққа бөлейтін шам. Басты кейіпкер Шырақ болғанымен, негізгі идеяны жеткізетін кейіпкерлер отбасындағы адамдар. Қазір қоғамда ата-ана өз жұмысымен әлек болғанда баланы телефонмен алдандырады. Қалада жарық сөніп қалғаннан кейін, осы Шырақтың айналасында жиналған отбасы мүшелері жүрекке ерекше жылулық сезім ұялатады. Мультфильмнің сюжеті кез келген адамның бала күнінде отбасымен өткізген жылы кештердің барлығын еріксіз есіне түсіреді. Отбасы мүшелері бір-бірімен сөйлесіп, ерекше уақыт өткізіп, қоғамда ұмыт болып бара жатқан рухани құндылықтарды жеткізеді. Мультфильмнің негізгі месседжі — отбасылық құндылықтар, мейірімділік, сүйіспеншілік және өзара көмек.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.